



**Республиканың жалпы білім беру ұйымдары 8-11 сынып  
оқушыларының арасында «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» атты  
байқаудың өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

1. Осы Ереже жалпы білім беру ұйымдары оқушыларының арасында өткізілетін республикалық Мәшһүр-Жүсіп оқуларын өткізу тәртібін айқындайды.

**Байқаудың мақсаты:**

2. Мәшһүр-Жүсіп оқуларының мақсаттары – философ-ақынның рухани мұрасын дәріптеу, шығармаларында бейнеленген туған жерге сүйіспеншілік, белсенді азаматтық ұстанымды өскелең ұрпақта тәрбиелеу; тұлғаның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту.

**Міндеттері:**

- Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының туындыларындағы ел мен жерді құрметтеу, аялау, қадіріне жету идеяларын жас ұрпақ бойында сіңіру;
- оқу-білім, өнер үйрену, адамгершілік тақырыптарын негіз еткен туындылары арқылы отансүйер, білімді, рухы берік азаматтарын тәрбиелеу;
- әдебиетті, тіл мен өнерді құрмет тұтатын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштау;
- Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы еңбегінің ел Тәуелсіздігінің бастауларының бірі болғандығын көрсету;
- ақынның әдеби-тарихи деректерге толы шығармаларындағы, әсіресе фольклорлық жазбаларындағы ұлттың ұлы тұлғаларын таныту;
- Елбасының «Ұлы Даланың 7 қыры» мақаласындағы ұлы есімдердің істерін келешек ұрпаққа үлгі тұту, ел тарихымен сабақтастыра кейіпкердің ерекшеліктеріне бүгінгі күн талаптарымен сараптама жасай білу.

**3. Байқаудың қатысушылары**

Байқауға оқу тіліне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беру ұйымдарының 8-11-сынып оқушылары қатыса алады.

**4. Байқаудың шарттары**

Байқау 4 бағыт бойынша өткізіледі.

I бағыт – «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген». Қатысушы ұсынылған тақырыптың бірін таңдап, өз өлеңін оқиды. Өлеңнің идеясы, тақырыбы ақын шығармаларымен үндес және өзектес болу қажет. Өз өрнегін, өз ойын ақын ойларына көркем сабақтастыра алу керек. Өлеңдерін мәнерлеп, көркем оқи білулері шарт. Бағалауда өлеңнің идеясын ұғынуы, ақын тақырыбымен үндестік, өз өрнегі мен көркемдік сипаттары негізге алынады

**II бағыт – «Бас болып өнер білсең, тіпті жақсы».** Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы көркем ой, талғам мен түсінік, ұлттық танымның ерекшеліктерін, адамзат, ұлт руханиятындағы мәнімен сабақтастыра отырып, ғылыми зерттеу жоба әзірлеу және оны қорғау.

Жоба шарттары: көлемі 20-25 бет болуы; тақырыптың нақтылығы, өзектілігінің белгіленуі, мақсат-міндеттердің дұрыс қойылуы; қажетті ғылыми, көркем әдебиеттің, т.б. дерек көздерінің зердеден өткізілуі және жеткілікті болуы; қорғауға ұсынылатын тұжырымдардың ғылыми талдануы, әдіс-тәсілдерінің нақтылығы; бөлімдер мен тарауларға дұрыс бөлініп, әр бөлім, тарау бойынша қорытынды жасалуы; дәлелдері мен тұжырымдары арқылы жасалған қорытындысының дұрыс анықталуы; ғылыми жұмысты қорғауға 5-7 минут уақыт беріледі.

**III бағыт – «Білімді зерек адам болам!» - десең, Қара өзінді басқаның айнасымен».** Ұлы баба шығармаларындағы ойларды кеңейтіп, ұлт тарихымен, ұлттық әдебиет мазмұнымен байланыстырып, эссе жазу. Эссе шарттары: құрылымының нақтылығы; кіріспе мен негізгі бөлімнің ара-жігін дұрыс бөліп, ой желісін таратуда, жүйелі баяндауда құрылымдық белгіні сақтай алуы; кіріспеде шығарма тақырыбы туралы әдебиеттегі ойлар мен пікірлер, қоғам үшін қажеттілігі, өмірді, ортаны түсінудегі мәні қамтылуы тиіс; негізгі бөлімде көтерілген негізгі мәселелер, тақырыпты ашуға қажет деректер мен дәлелдер, нақты жүйелі ойлардың түйіні болуы; қорытындыда негізгі бөлімдегі алынған нәтижелер мен ойлардың түйіні, тақырыптың маңызы айтылу қажет. Эссе құрылымының шарттары жалпы үлгі ретінде ұсынылады. Ойды жеткізудің тәсілдері, тақырыпқа қатысты пікірлер шығарма жазушының өз стиліне, мәнеріне қарай өзгеруі де мүмкін. Бірақ оқушының өз ойы, пікірі дерек, дәлелдермен түйінделіп, бекітілуі қажет.

**IV бағыт – «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары және «Ұлы даланың ұлы есімдері».** Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының фольклорлық жазбаларындағы ұлттың ұлы тұлғаларын сипаттау. Қатысушыға «Хандар мен ел билеушілер», «Батырлар», «Әнші-ақындар», «Бақсы және тылсым күш иелері» жіктеулерінен бірін тандап, қорғау ұсынылады. Әр жіктеуден бірін тандап, олар туралы қандай деректер келтіреді, қандай оқиға арқылы кейіпкерді ашады, оның қандай нұсқалары бар, немесе неше нұсқасы бар т.б. мәліметтерді жинақтап талдауы шарт. Кейіпкерлер галереясын талдай білумен бірге, топтау, ерекшеліктерін тану талап етіледі. Қатысушы өзі тандап алған кейіпкерлер туралы толық мәліметтерді жеткізе білуі қажет. Қорғау кезінде қатысушылардан шығармашылық қабілет және талдау мен деректерді жүйелеу, тарихи-әдеби, рухани мәнін аша білуді керек етеді. Қандай жанр, қандай тәсіл арқылы қорғау қатысушылардың өз еріктерінде.

**5. Байқау 3 кезең бойынша өткізіледі:** 1 – аудандық; 2 – облыстық (қалалық); 3 – республикалық.

**6. Республикалық кезең Павлодар қаласында өткізіледі.**

Әр облыс 4 үміткер, яғни әр бағыт бойынша 1 оқушыдан ұсынады.

**7. Байқауда бір «Бас жүлде», әр бағытта 6 жүлделі орын белгіленеді:**

1 - бірінші, 2 - екінші, 3 - үшінші.

**8. Мәшһүр-Жүсіп оқуларын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын Павлодар облысы білім беру басқармасының «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жүзеге асырады.**

**9. Қазылар алқасының құрамын облыс ұйымдастыру комитеті бекітеді.**